

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
201\_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б. Ә. Сағынтаевқа

15.02.2017 ж. жарияланды

Депутаттық сауал  
Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде: «Қазір жұмысты қаладан емес, ауылдан іздеу керек. Өйткені елді дағдарыс кезінде асырайтын — ауыл. Ал ауылда жұмыс болу үшін, ол қаланы асырай алу үшін жеке шаруаларды, ауыл тұрғындарын, шағын шаруа қожалықтарын қайта қауымдастырып, біз өңірлерді дамытуға, жастарды елге қызмет етуге басты назар аударуға тиіспіз»...» - деп атап көрсетті. Осыған орай бүгінгі депутаттық сауалда көтергіміз келіп отырған мәселе - **жастардың «Дипломмен-ауылға» бағдарламасы арқылы осы аудан орталықтарына, шағын моноқалаларға барып жұмыс істеуіне қатысты болып отыр.**

Үстіміздегі жылдың басындағы статистикалық деректер бойынша республикадағы 41 шағын қаланың 12-сінің тұрғындарының саны 10 мыңға жетпейтіндігін көрсетті. Солардың ішінде, Ақтөбе облысындағы Жем қаласында-1968, Темір қаласында- 2468, Ақмола облысының Степняк қаласында 3746, Державинск қаласында-6183, Қызылорда облысындағы Қазалы қаласын 6813, Солтүстік Қазақстан облысындағы тұрғындарының саны 7 мыңнан сәл ғана асатын Мамлютка, Булаево және Сергеевка қалаларының демографиялық тұрғыдан халық саны артып, қолданыстағы заңнамада көрсетілген өлшем деңгейіне 2020 жылға дейін қашан көтерілетіндігі де белгісіз.

Жоғарыда көрсетілген елді мекендерде аса қажеттілікке байланысты дәрігерлік амбулаториялар, мектептер, балабақшалар салынды. Өкінішке

007627

орай осы әлеуметтік орындарда медициналық, білім беру саласының мамандары жетіспейді.

Жергілікті атқарушы органдар облыстардың даму бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін кезде шағын моноқалаларға жастарды көптеп тартуды қолға алып, «Дипломмен-ауылға» мемлекеттік бағдарламасының моноқалаларға қатысты жұмыс жүргізуі қажет болып отыр.

Зиялы қауым өкілдері жиналыстарда әкімшілік орталықтары шағын қалалар болып табылатын ауылдық аудандарды тиісті әлеуметтік, техникалық мамандармен қамтамасыз етуде үлкен проблема туындап отырғандығын ашына айтуда.

Осыған орай, жастардың аудан орталықтарына, шағын моноқалаларға келіп жұмысқа орналасқан жағдайында:

- біржолғы көтерме жәрдемақы;

- қажеттілігіне қарай тұрғын үй салу немесе сатып алу үстеме пайызы аз қол жетімді несиелер беру;

-әлеуметтік қолдау шараларын алған жастарға барынша жағдай жасауды мемлекеттік бағдарламаның негізі ретінде қарастыруымыз қажет деп есептейміз.

### **Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Осыған байланысты, жоғарыда айтылған жайларды ескере келе, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды Сізге жолдай отырып, белгіленген тәртіптермен жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**



**А. Тасболатов**

**Б. Измұхамбетов**

*Орындаған: Т. Мусаев  
тел. 74-65-41*